

Ересек пациенттің қайтыс болуы туралы туысқандарына (жедел жәрдем жағдайында) және баланың өлім жағдайында ата-аналарына хабарлау кезінде іс әрекет алгоритмі.

- Дәрігердің, медицина қызметкерлерінің науқастың өлім жағдайы туралы туыстарына хабарлауы үлкен жауапкершілікті, адамгершілік пен психологиялық дайындықты талап етеді.



Бұрыс мысал

- Жас жұбайлар көлік апатына ұшырайды. Жігіттің денсаулығы бірқалыпты. Әйел жағдайы әлі белгісіз. Дәрігер тысқа шығып, шылым шегіп тұрып жігітке:
 - - Сен бас ми жарақатын алған, омыртқасы екі жерден сынған көлік апатына ұшыраған әйелдің күйеуісің бе? Енді оны мүгедек арбада таситын боласың, өзің тамақтандырып, өзің жуындырасың.
 - Бұны естіген жігіт басы айналып, көзі қарауытып, түрі бозарып, маңдайынан суық тер шығып кетті.
 - -Неге терлеп тұрсың, уайымдама, ол өліп қалған!- деді дәрігер өзімсініп жігітке.

**Міне осы жоғарыдағы мысалды оқи отырып, өлім туралы хабарды қалай жеткізген дұрыс болмайтынын түсінуге болады.
Дәрігер хабар жеткізу үшін ыңғайлы орын, ыңғайлы сөздер мен іс әрекет таңдап, адамгершілік көрсете білуі абзал**



Медициналық практикада психологиялық шоктың екі фазасы бар:




Эректильді – қозумен, қозғалыс белсенділігі, айналасына белсенді эмоциямен көрінеді, Торпидті – керісінше, қозғалыс тежеліп, барлық эмоциялары қиналысы ішінде болады.

Кейбірі агрессия көрсетіп, ауыр сөздер айтып, дәрігерге тіл тигізуі мүмкін. Бұның барлығы жаман хабар естігендегі психологиялық қорғаныш реакциясы. Дәрігер жоғары психологиялық тұрақтылық көрсетіп, сыйластықпен, түсінікпен қабылдауы тиіс бұндай жағдайды.

1. Науқастың туысымен көз байланысын орнату

- Дәрігердің өзін ұстауы, көз қимылы, жан ашырлық білдіре алуы



2. Сөз байланысын орнату

- “-Сізде бәрі жақсы ма?”- Деп сұрап, әрине ашулы жақыны менде бәрі қалыпты деп айғай салуы әбден мүмкін. “-Отырғыңыз келмей ме? Отырып сөйлесейік” -деп ыңғайлы жағдай жасау керек.

3. Хабарды жеткізу

- “Біз қолдан келетін көмекті көрсеттік. Өкпені жасанды вентиляциясы тиімсіз болды”, “Өкпе жүрек реанимациясы нәтиже бермеді”, “Көп Қан жоғалтқан”, - деп сөз жалғауға болады.




4. Бөгелу

- Хабар жеткізген соң, көзіне қарап оның қабылдауына мұрша беру керек



5. Нақтылау

- Агрессивті қабылдаған адамдарға өлім уақытын айтып, өкініш білдіріп кетіп қалуға да болады, оның сұрақтарына үшінші қадамдағы жауапты қайталап, информация



6. Формальдылық

- Жақынының өліміне сенбей тұрғандықтан документация, жерлеу алды сұрақтар бойынша мына жаққа жүгіне аласыз деу оны хабардың шынайы екеніне көз жеткізуіне көмектеседі



Соңғы қадам

- Өкінетініңізді, бұлай болғаны қапаландыратынын айтып, Көңіл айтып әңгімені аяқтау;
- Өмірдің мәңгілік емес екені туралы философиялық жан тебіренер ойтолғау айтып әр дәрігер өздігінше хабар жеткізсе болады.

Соңы

Мәңгі емес нелер мәгі емес?
Жаралған тәннен адамдар
Білсеңіздер мәңгі емес
Дүниенің бәрі жай елес
Билік, ақша, құр мансап
Бақыт саған әкелмес
Мәңгі емес ол да мәгі емес!
Достырың көп көңілдес
Ойнап, Уақыт өткізер
Байқап тұрсаң сен егер
Мәңгі емес достық мәңгі емес
Айтайын мен бір кеңес
Ақылың болса сен ілес
Бес күндік мына жалғанда
Ештеңе де мәңгі емес...